

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰҚПАЛЫ

Ермағамбетова Ұ.Т

С. Мәуленов атындағы гимназия

Ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай (Ибраһим) Мектепті бітіргеннен кейін, 1857-1859 жылдары атасы Балғожа бидің хатшысы болды. Кейін Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаштық қызметіне ауысады. 1860 жылы Алтынсаринге облыстық басқарма Орынбор бекінісінде (Торғайда) қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырады, сонымен бірге оны осы мектепке орыс тілінің мұғалімі етіп белгілейді.

Осыдан былай Алтынсариннің ағартушылық-мұғалімдік қызметі басталады. Шалғай түпкірде мектеп ашу жұмысының қиыншылықтарына қарамастан, орындауға құлшына кірісті. Ауыл-ауылды аралап, халыққа кәсіптік білімнің маңызы мен мақсатын түсіндірді. Алтынсариннің талабы мен қадамын халық қуаттады. Халықтан жиналған қаражатқа мектеп үйін салуды қолға алды.

Мектеп 1864 жылы 8 қаңтарда ашылды. Осыған байланысты үлкен той болып, сол күні мектепке 14 бала жазылды. Мектеп жанынан интернат ашылды. Алтынсарин дүние жүзі педагог классиктерінің гуманистік идеяларын басшылыққа алып, оларды қазақ даласында оқу-ағарту практикасына енгізген тұңғыш педагог болды. 1860-1879 жылдар арасында Алтынсарин мұғалімдік, ағартушылық қызметімен қатар басқа да қызметтер атқарды: 1868-1874 жылдары Орынбор генерал-губернаторының арнайы тапсыруы бойынша төрт рет Торғайдың уездік судьясы, 1876-1879 жылдары Алтынсарин Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі болды.

Инспекторлық қызметіне кіріскен кезден бастап, Алтынсарин мектептер ашуды қолға алды. Ең алдымен облыс, уез орталықтарында училищелер ашуға шешім қабылдады. Содан кейін Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездеріне бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашты. Олардың бәріне де кітапханалар ұйымдастыруға зор мән берді. 1888 жылы 10 сәуірде Омскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылды. Оған Торғай, Ырғыз қалаларындағы орыс-қырғыз училищелерін жақсы бітірген жастар алынды. Алтынсарин қазақ жастары арасынан экономика салаларына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән беріп, қолөнер, ауыл шаруашылығы училищелерін ашуға көп күш жұмсады. Торғайда қолөнер училищесін ұйымдастырды. Қайтыс болар алдында Қостанайда ашылғалы отырған ауыл шаруашылығы училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырды. Алтынсарин Ырғызда қазақ қыздары үшін жанында интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ұйымдастыруды өтінді. Алайда рұқсат ол қайтыс болған соң, екі жыл өткеннен кейін берілді де, Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде жанында интернаттары бар қыздар училищелері ашылды.

Алтынсарин орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады.

Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді.

Алтынсарин жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосты. Ол қазақ жастарын, ең алдымен, оқу, өнер-білім, техниканы меңгеруге шақырды. Оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады. Оқу білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді. Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеу ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан.

Табиғат көріністерін жеке алып, нақты суреттеу Алтынсариннің лирикалық өлеңдерінен басталады. Ақын өзінің «Жаз», «Өзен» атты өлеңдерінде жыл мезгілдерін шеберлікпен сипаттайды. Күн мен Жердің мейірім-шапағатын ата-ана кейпінде, ал қызыл, жасыл гүлдерді жас балаға балап көрсетеді. Осы табиғат пен адам өмірін салыстыра, астастыра бейнелеу Алтынсариннің қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы болып табылады.

Алтынсариннің әңгімелері қысқа да нұсқа құрылып, мазмұны жағынан ұтымды келеді. Осыған орай оның «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй» тәрізді новеллаларын тілге тиек етуге болады. Бұлармен үндес «Аурудан аяған күштірек», «Асыл шөп», «Шеше мен бала», «Бай мен жарлы баласы», «Таза бұлақ» т.б. әңгімелері – әсерлі де көркем шы-

фармалар. А.Ушинский, Л.Толстой, И.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімелеп, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды.

Ұлы орыс халқының XIX ғасырда жасалған классикалық мол әдебиеттерімен танысқан Ыбырай Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде, оқытуда, олардың ой-санасына қозғау салып жетілдіруде өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін, алдымен балалар әдебиетін жасауға бет бұрды. Балалар әдебиеті тақырыбына жазылған орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды, оларды жас ұрпақтарымызға үлгі етіп ұсынды. Бұл қазақ халқы үшін, әсіресе, оның жас ұрпақ балалары үшін аса игілікті іс, жаңа бастама еді.

Ы.Алтынсарин И.Крыловтың «Егіннің бастары», «Қарға мен түлкі», «Қайырымды түлкі», Лев Толстойдан «Полкан деген ит», «Силинші», И.И.Дмитриевтен «Екі шыбын» орыс хрестоматиясынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан «Тәккаппаршылық», «Дүние қалай өтсең табылады», «Талаптың пайдасы», «Үш ұры», «Алтын шеттеуік», «Аурудан – аяған күштірек», «Әке мен бала», «Білгеннің пайдасы», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Жаман жолдас», «Мейірімді бала» сияқты көптеген шығармаларды аударды.

Бұл шығармалардың барлығы да қысқа, мазмұнды, көркем, баланың жас ерекшелігі мен білім көлеміне сай, жеңіл, тәрбиелік жағынан шебер құрылған шығармалар. Баланы тәрбиелеу аса маңызды, қажетті әрі жауапты мәселе екенін айта келіп, балалар кітабы тәрбиелеу үшін жасалады, тәрбие жұмысы ұлы мәселе, ол адам қатысуымен ғана шешіледі дейді Белинский. Кітап қорқақтық, жасқаншақтық, өзімшіл, тақпаппаршыл болудан, өтірік-өсек айтудан балаларды жиренетін жаман қылықтарға қарсы күрес жүргізетін дәрежеде жазылсын деген талаптар қойды.

Ыбырай балалар әдебиетіне тән көп шығармалар берді. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар қояды.

«Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін», – дейді.

Алтынсариннің барлық өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұнында негізінен өзі айтқан осы идея баяндалып отырады.

Халықты және олардың жас өрендерін оқуға, өнер-білімге шақыруда Ыбырайдың ұран салып, ту етіп көтергені, әрқашан жаңарып, түрленіп, құлпырып, оқыған сайын сүйсіндіріп отыратын, ескірмейтін еңбегі: «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар», «Әй, достарым», «Әй, жігіттер» деген өлеңдері.

«Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар.

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!» –

деп ұран салды. Ыбырай бұл өлеңдерінде алдымен сауат ашу, оқыту мәселесін бірінші орынға қояды, баланы оқыту барысында тәрбиелеу керектігін түсіндіреді. Оның өлеңдері мен әңгімелерінің қай-қайсысы болмасын балаға тәртіпті, үлгілі, өнегелі кісі болуды уағыздайды. Оқыған, мәдениетті азаматтың өмір сүруі де, еңбектенуі де анағұрлым жеңіл және көңілді болатынын ескертеді. «Өнер – білім бар жұрттар» деген өлеңінде өнер-білім, техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жас өспірімдерді мәдениетті болуға шақырады.

«Өнер-білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден

Көзіңді ашып-жұмғанша

Жылдам хабар алғызды», –

деп радио, телефон, телеграфты айтса,

«Мың шақырым жерлерге

Аты жоқ құр арбаны

Күн жарымда барғызды», –

деп поезд бен автомашинаны үлгі етіп көрсетті.

Ғылым, өнер, техника жайларын сөз еткенде, Ыбырай балалардың ұғымындағы түсініктерден алыс кетпейтінін, өздерінің күнделікті естіп, біліп, айтып жүрген сөздері арқылы беруге ұмтылды.

Бала тәрбиелеуде Ыбырай Алтынсарин ананың роліне ерекше маңыз беріп, оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың қолында болатынын айтқан. Өйткені бала ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған.

«Бала, бала, бала деп,

*Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Қаймақты сүттей қалқытқан,
Суық болса жөргегін,
Қорғасын оқтай балқытқан.
Айналасына ас қойып
Изенді көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан».*

Бала тәрбиелеуде бұл ана еңбегін қадірлей білген үздік баға деуге болады. Балаға осындай өлеңдерді оқып берсе, ана қадірінің теңдесі жоқ қымбат та қадырлы екенін сонда ғана сезіне бастар еді. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген сияқты ана еңбегін қадірлемеу, сыйламау болмас та еді.

Ата-анасын сыйламайтын бала ол жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қызмет ете алмайды. Өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайды қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ. «Мақтасақ әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел – ана, барлық қиындықты жеңетін, сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе...» деп совет әдебиетінің негізін салған М.Горький ана қадірін данышпандықпен таныта білген.

Ал «Ананың сүюі» деген өлеңі бала жанын тебіренерліктей мұнан да күшті, мұнан да әсерлірек жазылған.

*«Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышқа қуанып, қайғыға күйетұғын.
Түн ұйқысын, төрт бөліп кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүре тұғын!
Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай көпке кетсең.
Ұмытпа ең кемінде жұлдыз сайын,
Хат жазып тұр төбесі көкке жетсін!»* –

деп ана қадірін аяққа бастырмауға үндейді.

Ана жүрегі, ананың аялы алақаны қашан да құдіретті екенін естен қалғысыздай етіп жадында сақтауды міндеттейді.

*«Кім сағынар сендерді келгеніңше,
Құлындарын көзімен көргеніңше.
Сендер қайтып келгенше адам болып,
Еш арманым болмас еді өле-өлгенше!».*

Әдебиет адам тану құралы дейміз ғой. Ыбырай Алтынсарин ана құдіретін, ана бейнесін жас өспірімдерге әдебиет арқылы танытып отыр. Бұл жолдар баланы ананың жан дүниесіне үңілтеді. Мұнда аналық мейірімнен туған аналық қасиеттің молдығын, асылдығын балаларға ұғындыру мақсаты көзделген. Ата-ананы сыйлай білген бала, оның қадір-қасиетін түсінген бала басқаның да қадір-қасиетін өз ата-анасындай құрметтей алатын боп өседі. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармалары да тәрбие жұмысына бағытталған.

Ы.Алтынсарин шығармашылығының басты мәселесі – балаларды ұқыптылыққа, мейірімділікке, әдептілікке үйрету. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту, үйрету, тәрбиелеу процесі арқылы іске асатынын Ыбырай дұрыс түсінген, дұрыс шешкен...

Ыбырай ата шығармаларының барлығы да көркем, тілі шебер жазылған. Оны қарапайым, халықтық тілімен бейнелеген. Сол тақырыптарға орай мазмұны ықшам, оқиғасы қысқа, әрі жеңіл, әрі қызықты болып келеді. Нысанаға дәл тиетін ойларды тұжырып айтты, бос сөзділік, артық суреттемелер жоқ.

Қорыта айтқанда, балаларға арналған көркем әдебиет – Ыбырай Алтынсарин жазғандай жас өспірімдерді өскелең мәдениетке жетелейтіндей өмір оқулығы, сарқылмас алтын қазынасы.